

ТҮБІ БІР ТҮРКІНІҢ БІРЛІГІ БЕКЕМДЕЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция сапарынан кейін Түркі мемлекеттері ұйымының саммитіне қатысу үшін Бішкек қаласына барды. Қазақстан Президентін Манас әуежайынан Қырғызстан Министрлер кабинетінің төрағасы – Қырғызстан Президенті Әкімшілігінің басшысы Ақылбек Жапаров күтіп алды. Одан кейін «Ынтымақ Ордо» ғимаратына келген Қасым-Жомарт Тоқаевты Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров қарсы алды. Көп ұзамай «Экономикалық интеграция, тұрақты даму, цифрлық болашақ және қауіпсіздік» деген тақырыппен Түркі мемлекеттері ұйымының саммиті басталды.

3

№133
(4721)
Бейсенбі
7 қараша
2024 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖҰМЫС ТАУЫП, БИЗНЕС БАСТАДЫ

Астанада жүзеге асырылып жатқан JOLTAP ауқымды әлеуметтік жобасы қала тұрғындарына жұмыс табуға, қысқа мерзімде жаңа мамандықты игеруге мүмкіндік беріп отыр. Бүгінгі таңда аталмыш жобаның арқасында мыңдаған адам тұрақты жұмыс тауып, сондай-ақ жеке бизнестерін жүргізе бастады.

5



ЕЛОРДА КҮЗЕТІНДЕГІ ӘСКЕРИ БӨЛІМ

7-БЕТ | АЙБЫН



АЛАЯҚТАН АБАЙЛАЙЫҚ!

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ



АЙТЫС ЖЕҢІМПАЗЫ ТЕГІН ОҚИДЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

Тұрғындарға ыңғайлы болу үшін Қазақстанда @TazaQazBot телеграм-чат-боты іске қосылды, ол қаладағы тазалық пен тәртіпке байланысты проблемалар туралы жедел хабарлама таратын болады.

Елордадағы «Таза Қазақстан: Астана – тазалықпен пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы – қалалық ортаның сапасын жақсартуға және тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған маңызды іс-шара болып қалыптасты.

Енді қала тұрғындары телеграм чат-боты арқылы экологиялық мәселелерге, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша өз ақпараттарымен үлес қоса алады.





«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

№133 (4721) 07/11/2024 Бейсенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президенті Эммануэль Макронның шақыруымен 4-5 қараша күндері Франция Республикасына мемлекеттік сапармен барды. Сапар барысында сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бағытталған жоғары деңгейдегі келіссөздер өтті. Қазақстан Президенті Франциядағы бизнес өкілдерімен кездесті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парижге мемлекеттік сапары аясында екі ел делегациясының мүшелері 36 құжатқа қол қойды. Оның ішінде жалпы сомасы 2,2 миллиард долларды құрайтын 1 үкіметаралық, 21 ведомствоаралық және 14 коммерциялық құжат бар.

Франция Президенті Эммануэль Макрон Х әлеуметтік желісіндегі парақшасында Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастық, Қазақстан Президентінің Францияға сапары туралы қазақ тілінде жазба жариялады. «Қош келдіңіз құрметті серіктес, құрметті дос. Сіздің мемлекеттік сапарыңызбен біз Қазақстан мен Францияны, қазақстандықтар мен француздарды біріктіретін терең достықты атап өтудеміз» деп жазды Эммануэль Макрон.

ФРАНЦИЯ – БІЗДІҢ ІРІ САУДА СЕРІКТЕСІМІЗ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевты Елисей сарайының орталық кіреберісінде Эммануэль Макрон қарсы алды. Бірлескен суретке түсу рәсімінен кейін президенттер Елшілер залында екі мемлекеттің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Франция тарапының қазақ делегациясын ыстық ықыласпен қарсы алғанын атап өтіп, Эммануэль Макронға алғыс айтты.

«Осы сапарыма айрықша мән беремін. Бұл Қазақстан мен Франция арасындағы стратегиялық серіктестіктің жаңа белесі болмақ. Бүгінгі келіссөздер және қабылданатын Бірлескен декларация әріптестігімізді күшейтілген стратегиялық деңгейге көтеруге ықпал етеді. Осы орайлы сәтте Сізді Парижде өткен отыз үшінші Олимпиада және Паралимпиада ойындарының табысты өтуімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл жаһандық спорттағы аса ауқымды әрі айтулы оқиға екені анық. Әлем жұртшылығы жоғары деңгейде өткен додаға куә болды. Сіздің еліңіз 2030 жылы француз Альпілерінде жиырма алтыншы Қысқы Олимпиада ойындарын да тамаша деңгейде ұйымдастыратынына сенімдімін» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президентінің былтыр Астанаға жасаған сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтар мен келісімдер қазақ-француз байланысын жан-жақты тереңдетуге зор серпін бергеніне назар аударды. «Қазіргі таңда мемлекеттеріміз арасында белсенді және сенімді саяси диалог бар. Қазақстан мен Франция халықаралық сахнада тығыз байланыс орнатып, көпжақты құрылымдар аясында бейбітшілік пен орнықты даму қағидаттарын ілгерілетуде. Франция – біздің аса ірі сауда серіктестеріміздің бірі. Сіздің еліңіз Қазақстан экономикасына мол инвестиция салып отырған жетекші елдердің қатарында. Бүгінде Қазақстанда француз капиталы бар 200-ден астам компания мен бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп жатыр. Қазақстанда белсенді жұмыс істеуге ынталы француз бизнес өкілдеріне шынайы ризашылығымды білдіремін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті мәдени-гуманитарлық байланыстар, соның ішінде білім беру, ғылым, медицина және тарих салаларындағы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды. Сондай-ақ әлемге әйгілі Гиме мұражайында ашылған Қазақстанның ұлттық өнеріне арналған көрмені айрықша ризашылықпен атап өтті. Сөз соңында Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі сапардың қорытындылары қос халықтың өркендеуіне игі ықпал ететініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Франция Президенті қазақ-француз ынтымақтастығының дамуына тың серпін беретін келіссөздердің маңызына тоқталды. «Сіздің арқаңызда соңғы жылдары екі ел арасындағы серіктестік айтарлықтай нығайды» деді Эммануэль Макрон. Келіссөздер барысында мемлекеттер басшылары машина жасау, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, энергетика, өнеркәсіптік кооперация, климат, цифрлық даму және денсаулық сақтау салаларындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен перспективасын егжей-тегжейлі талқылады. Бұдан бөлек, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға мән берілді. Президенттер өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселе жөнінде пікір алмасты.

ҚАНДАЙ БАҒЫТТАРДА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ?

Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Франция Президенті Эммануэль Макрон бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады. Президент, ең алдымен, Эммануэль Макронға мемлекеттік сапармен келуге шақырғаны үшін ризашылығын білдіріп, ерекше қонақжайлық көрсетіп жатқан француз халқына алғысын айтты. «Біз үшін осы сапардың маңызы зор. Франция – Қазақстанның Еуропа Одағындағы жақын әрі сенімді серіктесі. Қарым-қатынасымыз 34 жылдың ішінде стратегиялық сипатқа ие болды. Астана мен Париж барлық деңгейде өзара түсіністікке негізделген саяси диалог орнатты. Сауда-экономика, инвестиция және мәдени-гуманитарлық салалардағы байланыс нығая түсті. Нақты шарттық-құқықтық база қалыптасты. Халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастық кеңейді. Мызғымас достық пен өзара қолдауға негізделген серіктестігіміз алдағы уақытта да табысты болады деп сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Франция Президентімен мазмұнды келіссөздер жүргізгенін атап өтіп, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту қажеттігіне баса назар аударды. «Былтыр екі елдің сауда айналымы 4,2 миллиард доллар болды. Ал биыл бұл көрсеткішке 9 айда қол жеткіздік. Франция – еліміздің алтыншы ірі инвесторы. Француз компаниялары Қазақстанға қомақты инвестиция салды. Оның көлемі 19,5 миллиард долларға жуықтады. Атап айтқанда, Alstom, Total Energies, Air Liquide, Orano, Vicat, Danone, Lactalis секілді алпауыт компаниялар бар. Мұнай-газ, тау-кен, өнеркәсіп, құрылыс, авиация, машина жасау, денсаулық сақтау салаларында ықпалдастық артып келеді» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, тараптар «жасыл» энергетика, сирек кездесетін шикізат, климат, су шаруашылығы, инновация және жасанды интеллект салаларына баса мән береді. «Жақында Астанада Француз даму агенттігінің өкілдігі ашылды. Біз оның жұмысына барынша қолғабыс көрсетуге уағдаластық. Сондай-ақ халықаралық көлік дәліздерін дамыту маңызды екенін атап өттік. Логистика инфрақұрылымы және қайта өңдеу өнеркәсібі секторындағы байланысты кеңейту мәселелерін талқыладық. Агроөнеркәсіп кешені, денсаулық сақтау, қаржы және туризм бағытында тың жобаларды жүзеге асыруға уағдаластық. Біз Қазақстан нарығында жұмыс істеуге ниеті бар француз компаниялары үшін қолайлы жағдай жасауға дайынбыз. Бүгін бірқатар үкіметаралық және коммерциялық құжатқа қол қойылады. Оның барлығы мемлекеттеріміздің мүддесіне сай келеді. Бұл құжаттар екі ел үшін де пайдалы болмақ. Жалпы, сапар аясында бірнеше инвестициялық келісімдер жасау жоспарланған» деді Мемлекет басшысы.

Президент мәдени-гуманитарлық ықпалдастықты қазақ-француз қатынасының алтын арқауы деп бағалап, осы бағыттағы ынтымақтастықты нығайту өте маңызды екенін атап өтті. «Мәдениет, білім-ғылым, археология, архив, спорт саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға айрықша назар аударамыз. Кеше ғана әлемге әйгілі Гиме мұражайында «Қазақстан: Ұлы дала жауһарлары» атты көрме ашылды. Бұл көрмеде еліміздің тарихи-мәдени және археологиялық құндылықтарын дәріптейтін жәдігерлер бар. Бүгін Президент Макронмен бірге сол жерге барып, көрмені тамашалаймыз. Осы бастамаға қолдау көрсеткені үшін құрметті Макрон мырзаға шынайы алғысымды білдіремін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жетекші жоғары оқу орындары арасында ғылым және технология бағыты бойынша байланысты дамыту мәселесіне тоқталды. «Биыл Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанынан Лотарингия университетінің филиалы ашылады. Қазіргі таңда екі тарап «Люмьер» қазақ-француз университет орталығын құру мәселесін қарастырып жатыр. Бұдан бөлек, Астана және Алматы қалаларында қазақ-француз мектептері салынады. Бүгін тиісті құжаттарға қол қойылды. Бұл мектептер жастардың ең жоғары стандартқа сай білім алуына мүмкіндік беретін орталыққа айналары сөзсіз. Қазақстан Франциядағы жоғары оқу орындарымен және зерттеу орталықтарымен қарым-қатынасты нығайта түсуге дайын» деді Президент.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эммануэль Макрон аймақтық және жаһандық маңызы бар өзекті мәселелерге қатысты пікір алмасты. «Барлық түйткілді бейбіт және саяси-дипломатиялық жолмен шешу қажет деп санаймыз. Біз халықаралық деңгейде күш жұмылдырып, бірлесе жұмыс істеуге келістік. Жақында One Water Summit жиыны өтеді. Екі елдің бастамасымен ұйымдастырылып жатқан осы басқосуға дайындық барысын талқыладық. Бұл өте маңызды диалог алаңы болмақ. Сол арқылы біз климаттың өзгеруі мен «жасыл» экономика мәселесіне қатысты әріптестігімізді жандандыра түсеміз деп сенемін. Бүгінгі келіссөздер жемісті болды. Бұл сапар Қазақстан мен Франция арасындағы байланыстың стратегиялық сипатқа ие болғанын айғақтайды. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында өзара тиімді ынтымақтастық жаңа әрі сапалы деңгейге көтеріледі деп сенемін» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Эммануэль Макрон Франция мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас 2008 жылдан бері стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілгенін, осы уақыт аралығында оның маңызы мен өзектілігі арта түскенін атап өтті. Оның айтуынша, екі елдің халықаралық және аймақтық проблемаларға қатысты ұқсас. Яғни БҰҰ Жарғысын сақтау, соның ішінде территориялық тұтастықты құрметтеу және адам құқығын қорғау қағидаттарын берік ұстанады.

Эммануэль Макрон климаттың өзгеруі және терроризммен күрес секілді жаһандық сын-қатерлерге қарсы күш біріктіру маңызды екеніне назар аударды. Сонымен қатар Франция Президенті екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту ұзақмерзімді перспективадағы орнықты және табысты серіктестікке негіз қалап, екі елдің өсіп-өркендеуіне жол ашатынын жеткізді. Баспасөз брифингі аяқталған соң Қазақстан мен Франция Президенттері стратегиялық серіктестікті одан әрі жандандыруға бағытталған Бірлескен декларация қабылдады. Құнды құжаттың 15 тармағы бар.

Бұдан кейін мемлекеттер басшыларының қатысуымен мынадай құжаттарға қол қойылды: Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы реадмиссиялау туралы келісім; Аса маңызды материалдар мен ресурстар бойынша Қазақстан мен Францияның стратегиялық ынтымақтастығының жол картасы; «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен Société Generale S.A. компаниясы арасындағы стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім; «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен «Alstom Transport SA» компаниясы арасындағы 6 осьті электровоздар бойынша стратегиялық ынтымақтастық туралы келісім; Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мен Ұлттық превентивті археологиялық зерттеулер институты (INRAP) арасындағы археология саласындағы ынтымақтастық туралы келісім хаттамасы.

ГИМЕ МУЗЕЙІНЕ БАРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эммануэль Макрон Гиме азиялық өнер музейіндегі «Қазақстан: Ұлы дала жауһарлары» көрмесін тамашалады. Экспозицияда Қазақстан тарихының негізгі кезеңдерін қамтитын артефактілер ұсынылған. Мәселен, бірінші кезеңде неолит дәуіріне жататын «Тобыл ойшылы» мүсіні қойылған, сондай-ақ Ботай мәдениеті мен жылқыны қолға үйрету дәстүрі бейнеленген. Екінші кезеңде «Алтын адам» әшекейлері арқылы сақтар мен сарматтар секілді алғашқы көшпелі тайпалардың, прото-мемлекеттердің пайда болуы сипатталған. Ал балбалтастар түркі қағанаттары кезеңіндегі ортағасырлық Қазақстан шежіресінен, Қожа



ТҮБІ БІР ТҮРКІНІҢ БІРЛІГІ БЕКЕМДЕЛДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ЫРЫСТЫ ЫНТЫМАҚТЫҢ АЙҒАҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жиында сөйлеген сөзінде ерекше қонақжайлық көрсеткен Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров пен біртуған қырғыз халқына шынайы ризашылығын білдірді. Сондай-ақ «Ынтымақ Ордо» ғимаратында өтіп жатқан алқалы жиын Түркі мемлекеттері ұйымының 15 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырғанына назар аударды.

«Бұл – мерейлі белес. Осы сәтті мәні бар. Сондықтан тасымалдау жолдарына қатысты бірлескен келісім жасау қажет. Мұндай қадам тұрақты дамуды қамтамасыз етеді. Ұйымға мүше мемлекеттер бұл бастамаға қолдау білдіреді деп сенемін» деді Президент.

Мемлекет басшысы қаржы-инвестиция саласындағы ынтымақтастықты нығайту қажет екенін айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бұл бағытта Түркі инвестициялық қоры ерекше рөл атқарып келеді. Сонымен қатар тараптардың Орталық банктер кеңесін құру туралы бастаманы бірауыздан құптағанын жеткізді.



пайдаланып, баршаңызға құтты болсын дегім келеді. Түркі мемлекеттері ұйымы аз ғана уақыт ішінде беделді құрылымға айналды. Оның әлемдік мәртебесі артты. Бұл, ең алдымен, берекелі бірлігіміздің, ортақ күш-жігеріміздің арқасы. Осы басқосу ырысты ынтымағымызды одан әрі нығайта түседі деп сенемін» деді Мемлекет басшысы.

Президент еліміздің Түркі мемлекеттері ұйымындағы төрағалығы аясында атқарылған іс-шараларға тоқталды. «Қазақстан Ұйымның іс басындағы төрағасы ретінде «TURKTIME!» ұранын көтерді. Түбі бір түркі жұртын біріктіруге баса мән бердік. Жан-жақты ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аударды. Осы уақыт аралығында нақты жетістіктерге қол жеткіздік. Бірқатар жобаны жүзеге асырдық. 80-нен астам іс-шара ұйымдастырылды. Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Байрақты бәсеке Ұлы дала өркениетін жер-жаһанға танытты. Түркі әліпбиінің ортақ нұсқасы бекітілді. Мұны тарихи оқиға деуге болады. Былтыр Астанада Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдерді тағайындау туралы шешім қабылдадық. Оның ережесі бекітілуге дайын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

САУДА-САТТЫҚТЫҢ ҚАРҚЫНЫ АРТУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысының пікірінше, ұйым аясында сауда-экономика, энергетика, қаржы және инвестиция салаларындағы байланыстар да беки түскен. «Түркі инвестициялық қоры өз қызметін тиімді жалғастырып келеді. Мұны түркі интеграциясын тереңдетуге бағытталған қадам деп бағалаймын. Бүгінгі саммитке қырғыз бауырларымыз «Экономикалық интеграция, тұрақты даму, цифрлық болашақ және қауіпсіздік» тақырыбын ұсынып отыр. Бұл ұсыныс бәріміздің мүддемізге сай келеді. Соңғы 10 жылда ұйым мүшелері арасындағы экономикалық байланыстар нығая түсті. Биыл өзара сауда айналымы 45 миллиард доллардан асты. Осы көрсеткішті әлі де ұлғайтуға болады. Оған мүмкіндігіміз жетеді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымға мүше елдер арасындағы сауда-саттықты жандандыру өте маңызды деп санайды. «Түркі әлемін экономикалық тұрғыдан одан әрі өркендету үшін Орта дәліздің әлеуетін толық пайдаланған жөн. Оның стратегиялық маңызы зор құжат

МАҢЫЗЫ ЗОР ҚҰЖАТ

Президент адам капиталын дамытуды аса маңызды міндет ретінде атады. «Түркі өркениетін жаңғырту үшін адам ресурстарын тиімді пайдалану керек. Дарынды жастардың әлеуетін ашуға мүмкіндік жасау қажет. Ғылым-білім саласындағы ынтымақтастық аясын кеңейткен жөн. Былтырғы Саммитте елдерімізде беделді университеттеріміздің бөлімшесін ашу туралы ұсыныс айтылды. Соның нәтижесінде Қазақстанда Түркияның Гази университетінің филиалы ашылды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгін қол қойылатын «Цифрлық экономикадағы әріптестік туралы» келісімді Түркі мемлекеттері ұйымы мүшелері үшін мәні зор құжат деп бағалады. Сондай-ақ түркі әлеміне ортақ ақпарат кеңістігін қалыптастыру мақсатында кабельдік телеарналардың өзара хабар таратуын ұйымдастыру қажет екеніне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөз соңында саммит аясында жасалатын келісімдер түркі мемлекеттерінің әлеуетін арттыратынына сенім білдіріп, Ұйымға төрағалық ететін Қырғыз еліне табыс тіледі. Саммитте Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі.

Сондай-ақ Түркі елдерінің бірлігін күшейтуге қосқан елеулі үлесі үшін Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан «Түркі әлемінің ең жоғарғы орденімен» марапатталды.

Түркі мемлекеттері ұйымының XI саммиті аясында мынадай құжаттарға қол қойылды: Түркі мемлекеттері ұйымы XI саммитінің декларациясы; «Түркі әлемінің жасыл дамуы: орнықты келешектің бірлігі» туралы шешім; Бішкек қаласын 2025 жылы Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық астанасы деп жариялау туралы шешім; Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбанды «Түркі әлемінің ең жоғарғы орденімен» марапаттау туралы шешім; Түркі әлемінің хартиясын қабылдау туралы шешім; Түркі мемлекеттері ұйымы Бас хатшысының орынбасарларын тағайындау туралы шешім; «Түркі мемлекеттері ұйымының Тұрақты өкілдері жөніндегі ереже» туралы шешім;

Түркі ынтымақтастығы ұйымдарының тулары жөніндегі шешім.

Ахмет Ясауи кесенесінің шырағдандары қазақ даласындағы ислам дінінің даму үрдісінен, Қазыбек бидің шапаны Қазақ хандығы мен қазіргі Қазақстанның қалыптасу тарихынан сыр шертеді. Гиме музейінің негізі 1889 жылы қаланған. Оның қорында Азия өнерінің ең құнды жәдігерлері жинақталған.

ФРАНЦУЗ КӘСІПКЕРЛЕРІН ҚАЗАҚСТАНҒА ШАҚЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қазақстан – Франция инвестициялық дөңгелек үстеліне қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев Франция бизнес капитандарының алдында сөйлеген сөзінде экономикалық ынтымақтастықты қазақ-француз стратегиялық серіктестігінің басты факторы ретінде атады. «Біз Францияның Орталық Азиядағы негізгі сауда-экономикалық және инвестициялық серіктесі болғанымызға қуаныштымыз. Францияның аталған аймақпен сауда-саттығының 80 пайызы Қазақстанға тиесілі. Биыл екіжақты сауда айналымы 45 пайызға ұлғайды. Біз бұл үдерістің сақталғанын қалаймыз. Сондай-ақ Франциядан тартылған тікелей инвестиция көлемі 15 пайызға артып, 900 миллион долларға жуықтады. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Қазіргі кезде Қазақстан нарығында 200-ден астам француз кәсіпорны, соның ішінде Total, Alstom, Orano, Danone, Vicat, Airbus секілді танымал компаниялар жұмыс істейді» деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан экономиканы трансформациялау жөнінде өршіл міндет қойғанын айтты. Бұл мақсатқа жету үшін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) халықаралық стандарттары мен қағидаттарына сәйкес ауқымды саяси-экономикалық реформалар жүргізіліп жатыр. Бұдан әрі Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық байланыстарды кеңейтудің перспективті бағыттарына тоқталды. «Энергетика әрқашан өзара ықпалдастықтың негізгі бағыты саналған. Еуропа Одағына мұнай және уран жеткізуші ел ретінде Францияның энергетикалық дербестігін одан әрі қолдауға дайынбыз. Біз Қазақстанда француз өнеркәсібінің өкілдері көбірек болғанын қалаймыз. Өйткені олар отандық өндіріске озық технологиялар әкеледі. Еліміз әлемдегі ең ірі уран өндіруші саналады. Ал Францияның атом өнеркәсібінде тәжірибесі мол. Сондықтан біз атом қуатын бейбіт мақсатта пайдалану ісінде ынтымақтаса аламыз» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Париж келісімін ратификациялап, 2060 жылға қарай ауаға таралатын зиянды заттар мөлшерін нөлдік деңгейге жеткізу жөнінде міндеттеме алған Орталық Азиядағы алғашқы ел екенін жеткізді. Президенттің айтуынша, елімізде жел, күн және су энергиясы бағыттарында ауқымды жобаларды жүзеге асырғысы келетін ірі халықаралық компаниялардың қатары көбейді. Мәселен, Total Energies компаниясы 1,1 миллиард доллар құйып, қуаттылығы 1 ГВт болатын жел электр станциясын салуды жоспарлап отыр.

Президент су ресурстарын және жылумен қамту ісін тиімді басқаруды тағы бір басым бағыт ретінде атады. Климат өзгеріске ұшырап жатқан кезеңде аталған салалардың Қазақстан үшін маңызы орасан зор. Бұл ретте Suez және Veolia компанияларымен ынтымақтастық су инфрақұрылымын жаңғыртуға оң ықпал етпек. «2040 жылға қарай дүние жүзінде аса маңызды шикізатқа сұраныс төрт есе артады. Демек Қазақстан Франция мен Еуропа өнеркәсібіне сенімді шикізат жеткізушіге айнала алады. Қазіргі кезде біз Еуропа Одағының экономикасы үшін өте маңызды 34 шикізат түрінің 19-ын өндіреміз. Бұл санатқа титан, мыс, магний және скандий секілді элементтер кіреді. Болжамға сәйкес, Қазақстанның жер қойнауында жоғары технологиялық және экологиялық өндірістердің барлығында дерлік сұранысқа ие литий, берилий және тантал сияқты сирек кездесетін үш минералдың мол қоры бар» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Президент жаңа геосаяси жағдайда көлік-логистика секторының рөлі күшейіп келе жатқанын атап өтіп, бұл ретте Қазақстанның Еуразия құрлығында стратегиялық тұрғыдан ұтымды орналасқанына назар аударды. Мемлекет басшысы көлік бағыттарын жаңғырту бойынша елімізде жүзеге асырылып жатқан жобалар жайында айтып, француз бизнесмендерін осы секторға баса мән беруге шақырды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты ахуал күрделенген кезеңде агроөнеркәсіп кешенін дамытудың маңызы зор. Қазақстан астық экспорттаушылардың ірі ондығына кіреді. Сыртқы нарыққа 8 миллион тоннадан астам бидай мен 2 миллион тонна ұн шығарады. Өнімдері әлемнің 80-нен астам еліне жеткізіледі. Биыл егіннің бітік шығуы нәтижесінде еліміздің астық экспорттау әлеуеті 12 миллион тоннаға дейін артты. Осы ретте Президент француз серіктестерді мал шаруашылығы мен дәнді дақылдар селекциясы саласында инвестициялық және технологиялық жобаларды бірлесе жүзеге асыруға үндеді. «Цифрлық трансформация қазірдің өзінде еліміздің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін еселеуге мүмкіндік берді. Мақсатымыз – Еуразиядағы жетекші IT-хабқа айналу. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметіне сәйкес, 2024 жылы еліміз электрондық үкімет бағытында цифрлық технологияларды енгізу бойынша әлемде 24-орын, ал онлайн қызметтер көрсету бойынша 10-орын алды. Аталған рейтингтер Қазақстанның цифрлық трансформацияны табысты жүргізгенін айқындайды. Яғни, біз цифрлық инфрақұрылымға қомақты қаржы құйып, жасанды интеллект, блокчейн сияқты озық технологияларды енгізуге ерекше мән беріп отырмыз. Біз француз IT-компанияларымен ынтымақтастыққа ашықпыз. Олар, әсіресе, Индустрия 4.0, жасанды интеллект және «ақылды қалалар» салаларында инновациялық шешімдерді әзірлеуге үлес қоса алады» деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, бүгінгі кездесу Қазақстан мен Франция арасындағы экономикалық ынтымақтастықты тереңдетуге ықпал ететініне сенім білдірді. Сондай-ақ дөңгелек үстел қатысушыларына елімізде өз бизнесін өркендету үшін жан-жақты қолдау көрсетілетінін жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев дөңгелек үстел қатысушыларына Франция Президенті Эммануэль Макронды келесі жылы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырғанын жеткізді. Мемлекет басшысы француз кәсіпкерлеріне 2025 жылдың мамыр айында өтетін Астана халықаралық форумына қатысуды ұсынды.

ЕРЕКШЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫҚҚА РИЗАШЫЛЫҚ БІЛДІРДІ

Мемлекет басшысының құрметіне орай Франция Президенті Елисей сарайында мемлекеттік қабылдау өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев Эммануэль Макрон мен оның зайыбы Бриджит Макронға қазақ делегациясына ерекше қонақжайлық көрсеткені және достық пейілдері үшін ризашылық білдірді. Мемлекеттік қабылдауға Францияның Үкімет мүшелері, белгілі саясаткерлер, іскерлік топ, ғылым және дипломатия өкілдері, сондай-ақ екі елдің көрнекті мәдениет және спорт қайраткерлері шақырылды.

№133 (4721) 07/11/2024 Бейсенбі

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық және білім салаларына қатысты бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Соның ішінде тұрғын үй сертификаттары, кондоминиум нысандары, бас қаланың бірыңғай сәулет келбеті, мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысы мәселелері талқыланды.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Осыдан бес жыл бұрын қалалық мәслихат «Астана қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» шешімін бекітті. Бұл шешімге өзгеріс енгізілді. Соған сәйкес елордада тұрғын үй сертификаттарын алушыларға енді баспана сатып алуға «Наурыз» тұрғын үй бағдарламасы аясында ипотекалық қарызды пайдалану мүмкіндігі беріліп отыр. Тиісті шешімге енгізілген өзгеріс баспана кезегінде тұрған тұрғын үй сертификаттарын алушы жекелеген санаттарына да қатысты болды.

Кондоминиум нысанын басқаруға және кондоминиум нысанының ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстардың ең аз мөлшері міндетті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құнына сәйкес, кемінде үш коммерциялық ұсыныс негізінде қойылады. Соны ескере отырып, Астана қаласының сервистік/басқарушы компанияларының жіберілген коммерциялық ұсынысы негізінде кондоминиум нысандарын басқаруға және кондоминиум нысанының ортақ мүлкін ұстауға жұмсалатын шығыстардың 2025 жылға арналған ең аз мөлшері айқындалды.

Жиында Астана қаласына бірыңғай сәулет келбетін беру үшін көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жұмысына Астана қаласы әкімдігінің уәкілетті ұйымы «Өркен қала» ЖШС-ін қатыстыру ұсынылды.

Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығымен бекітілді. Соған сәйкес орта білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруы есептеу алгоритміне сәйкес айқындалады. Ал Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына сәйкес жергілікті атқарушы орган жергілікті бюджетте бекітілген бюджет қаражатының көлемі шегінде мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді. Жалпы білім беру, инклюзивті, түзету санаттары бойынша қаржыландыру тарифтері, сондай-ақ үйде оқыту оқушының денсаулық жағдайына байланысты ерекшеленеді.

Дамуында ерекшеліктер бар балалар жалпы білім беретін сыныптарда оқи алады. Бұл инклюзивті білім беруге жатады. Әр осындай баланы педагог-ассистент ертіп жүреді, сондай-ақ мектептерде инклюзияны қолдау кабинеттері құрылады. Ондағы мұғалімдер дамудың осындай ерекшеліктеріне мамандanады. Сондықтан мұндай балаларға жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативтері жоғары.

Түзету сыныптарында аурудың бірдей түрлері бар оқушылар оқытылады. Мысалы, Астанадағы № 10 мектеп-гимназияда көру қабілеті бұзылған балаларға арналған түзету сыныптары бар. Ал психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысына сәйкес оқушы үйде жеке бағдарлама бойынша оқиды. Осының бәрін ескере келе, елордадағы мемлекеттік білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылына арналған орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілді. Оның мөлшері өткен және ағымдағы оқу жылына қарағанда көбейді.

ОҚУШЫЛАРҒА ДӘРІС ОҚЫЛДЫ

Елордалық мектептерде құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары аясында оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы дәрістер өткізіле бастады. Олардың бірі орта және жоғары сынып оқушыларына арналған Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназиясында ұйымдастырылды.



«Бүгінгі іс-шара балалардың жалпы қауіпсіздігіне бағытталды. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында қалада ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мектептерге баратын және 8-11 сынып оқушыларымен әңгімелесетін 16 мобильді топ құрылды. Бұл топтардың қатарында Білім басқармасының, Прокуратураның, Полиция департаментінің өкілдері, сондай-ақ мәдениет және спорт қайраткерлері бар» деді қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев.

Жасөспірімдер арасындағы жазатайым оқиғалар мен келеңсіз жайттарды алдын алу және болдырмау, педагогтардың, қызметкерлердің жауапкершілігін арттыруға бағытталған іс-шарада оқушыларға кеңестер де берілді.

«Бала қауіпсіздігі ата-ана, педагог, әрбір ересек адам үшін басымдыққа ие болуы тиіс. Баламен ашық диалог құру, оның өміріне ұдайы қатысып отыру, цифрлық құрылғыларды бақылау және баламен қауіпсіздік тақырыбында әңгімелесу – бұл мәселелердің алдын алуға көмектесетін негізгі қадамдар. Ата-аналардың міндеті – тек баланың жүріс-тұрысын бақылап қана қоймай, сонымен қатар өз баласымен оны әрдайым тыңдауға және көмектесуге дайын екенін білдіретін сенімді қарым-қатынас қалыптастыру» деді С.Әділбаев.

Дәріс барысында оқушылар Қазақстан азаматтарының негізгі құқықтары мен міндеттерімен таныстырылды. Заңға құрметпен қарауға, құқықтық тәртіптің рөлін және өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті түсінуге ерекше назар аударылды.

«Қазір біздің мектепте екі ауысымда 2079 бала оқиды. Біз мектеп жиналыстарын өткіземіз, ата-аналармен кездесулерде қауіпсіздік шаралары талқыланады. Мектептің ішкі ережелерінде біз баланың қауіпсіздігін бірінші орынға қойып, кейбір өзгерістер енгіздік. Біз үшін әр оқушының қауіпсіздігі өте маңызды» деп атап өтті №90 мектеп-гимназияның тәрбие жөніндегі меңгерушісі Жасұлан Маненов.

Ұйымдастырушылар мұндай іс-шаралар оқушыларға өз құқықтары мен міндеттерін жақсы түсінуге, сондай-ақ заңдарды сақтаудың маңыздылығын түсінуге көмектесетінін атап өтті.



Астаналық оқушылар химия пәнінен өткен академик Қаныш Сәтбаев атындағы республикалық олимпиаданың жүлдегері атанды.

ЖАС ХИМИКТЕР ЖҮЛДЕСІ

Индира БЕРЖАНОВА

9-11 сынып оқушылары арасында өткен республикалық олимпиада Жезқазған қаласында ұйымдастырылды. Олимпиада ең қабілетті оқушыларды анықтау, олардың химия ғылымына деген қызығушылығын арттыру және пәнді тереңдетіп оқытуға бағытталды.

Жас химиктер арасындағы бұл олимпиадаға Астана қаласы білім беру мекемелерінен өткен оқу жылындағы пәндік олимпиадасының республикалық кезеңінің жүлдегерлері қатысты. Олимпиада қорытындысы бойынша елордалық жас химиктер командасы жоғары білім деңгейін дәлелдеп, жүлделі 3-орынға ие болды. Оның ішінде №27 мектеп-лицейінің оқушысы Елизавета Гранковская алтын медаль, «Nurorda» мектеп-лицейінің 9-сынып оқушысы Абдижан Ибраимов пен Canadian халықаралық мектебінің 11-сынып оқушысы Равиль Тарих күміс медаль иегері атанды. Сонымен қатар жүлдегер Равиль Тарих Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің білім грант иегері атанды.

Химия ғылымына аса қызығушылық танытып жүрген жасөспірімдердің қазба байлығы жетіп жығылар елдің болашағына үлес қосуды мақсат етеді. Оқушылардың жеңісі – мұғалім мен оқушылардың бірлескен еңбегінің жемісі.

Педагогтардың жоғары кәсібилігі мен шығармашылық еңбегінің арқасында астаналық оқушылар жыл сайын түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадаларда жеңіс тұғырынан көрініп келеді.



ЖАҢА АВТОБУСТАР ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Елорданың қоғамдық көлік паркі 10 автобуспен толықты. Бұл туралы «City Transportation Systems» ЖШС мәлімдеді.

«Жеке тасымалдаушы «№7 автобус паркі» ЖШС жылжымалы құрамы «Yutong» маркалы 10 жаңа автобуспен толықты. Автобустардың жетеуі бағдарларға қосылды. Автобус паркі өткен жылы 10 жаңа автобуспен толықты, осы жылдың басынан «Higer» маркалы тағы 10 автобус сатып алынды. Барлығы 30 жаңа автобус бар. «№7 автобус паркі» № 2, № 11, № 26, № 47, № 48 бағдарларына қызмет көрсетеді. 5 бағдар бойынша 75 автобус жүреді» деп жазылған хабарламада.

Жалпы Астана қаласында 8 автобус паркі бар.

АСТАНАДА ЖЕЛ КҮШЕЙЕДІ

Астана қаласы ТЖД ауа райының қолайсыздығына байланысты жазатайым оқиға болмас үшін елорда тұрғындары мен қала қонақтарынан қауіпсіздік шараларын сақтауды сұрайды.

«Қазгидромет» РМК деректері бойынша 6-7 қараша күндері қатты жел соғады. Оңтүстік-батыстан соғатын желдің екпіні – 23-28 м/с, кей уақыттарда 30 м/с болады деп болжанып отыр. Осыған байланысты Астана қаласы ТЖД қатты жел кезінде жарақат алмау үшін азаматтарға қауіпсіздік шараларын сақтауды ұсынады:

- сыртқа көп шықпаңыз (мүмкіндігінше үйде болыңыз);
- балаларды ерекше бақылауға алыңыз және оларды қараусыз қалдырмау маңызды;
- егер қатты жел кезінде сыртта болсаңыз, жақын маңдағы кіре берісті немесе дүкенді паналаңыз;
- қатты желден ықтап, үй қабырғаларына жақындамаңыз, шатыр құлап кетуден сақтаныңыз;
- ашық аялдамаларда, билборд-тардың астында, ағаштың түбіне, құрылысы аяқталмаған ғимараттардың астына тұруға болмайды;
- қатты жел кезінде электр желісінің астында тұру, үзілген электр сымдарына жақындау өте қауіпті;
- автокөлікті ағаштардан қауіпсіз қашықтықта қойыңыз.

Төтенше жағдайлар кезінде 101 және 112 нөміріне хабарласу қажет.

ЖҰМЫС ТАУЫП, БИЗНЕС БАСТАДЫ

Өткен жылдың қыркүйек айынан бастап Астанада жергілікті тұрғындарға жұмыс табуға, кірістерін көбейтуге және қысқа мерзімде жаңа мамандықтарды игеруге көмектесетін JOLTAP ауқымды жобасы іске асырылуда. Осы уақыт ішінде оның аясында ондаған мың азамат мамандардан кеңес алып, оқу курсынан өтті.



JOLTAP жобасы аясында астаналық жұмыссыздар цифрлық және жұмысшы мамандықтарын оқып, сертификат алып жатыр. Бүгінге дейін жобаға қатысушылардың біразы техникалық мамандықтарды игерсе, басқалары цифрлық саланың тілін меңгерді.

Қаланың адам көп жүретін алты ауданында орналасқан «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде тұрғындар мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес алады. Мұнда JOLTAP әлеуметтік жобасы атаулы әлеуметтік көмек, бизнесті ашу үшін өтініш беру, оқыту, жұмыс іздеу бойынша тегін кеңес беру мүмкіндігін ұсынады.

Осы жоба бойынша қысқамерзімді курстан өткендердің бірі – астаналық Сандуғаш Орынбетова. Ол JOLTAP жобасы аясында «Kaspi-дегі сату негіздері» курсына қатысып, кәсібін дөңгелетіп отыр.

– Менің отбасыға арналған тауарлар сататын жеке дүкенім бар. Бір айта кетерлігі, менде Kaspi дүкен болғанымен, тауарлар сатқан емеспін. Осы жобада курсқа қатысып, Kaspi дүкенде сатудың қыр-сырын үйрендім. Оқу барысында оқытушылар оның артықшылықтары мен кемшіліктерін айтып берді. Сабақ өте қызықты өтті. Курс аяқталған соң мен Kaspi дүкенге 25 тауарды кіргізіп, оларды сата бастадым, – деді JOLTAP жобасының қатысушысы Instagram парақшасында.

Ал курсты аяқтаған соң қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталған.

– Курс маған ұнады. Сабақтар өте қызықты өтті. Мұнда айтылған ақпараттар қатысушыларға, яғни бізге пайдалы болды. Курс тегін болса да, өте сапалы. Өзгелерге де осы мүмкіндікті пайдаланып, оқып алуға кеңес беремін. Сондай-ақ осындай жобаны ұйымдастырып отырған Астана қаласы әкімдігіне алғысым шексіз, – деді С.Орынбетова.

Талай адамға мүмкіндігін жүзеге асыруға жағдай жасаған аталған жоба Астана әкімдігінің бастамасымен Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында жүзеге асырылуда. JOLTAP жобасына 18 бен 50 жас аралығындағы кез келген елордалық қатыса алады. Жоба операторы «Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қоры болып саналады.

JOLTAP жобасы бірнеше кезеңмен жүзеге асырылуда. Бірінші кезең – «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерін орнату және іске қосу. Қазір қала бойынша 6 модульдік пункт жұмыс істейді. Мұнда қала тұрғындары мемлекеттік қолдаудың 52 шарасы бойынша, нақтырақ айтсақ, шағын несиелеу/бизнеске арналған гранттар, субсидияланатын жұмыс орындары, әлеуметтік төлемдер және т.б. бойынша көмек ала алады, 20 авторлық курс бойынша тегін оқуға жазылып, қаланың өзекті бос жұмыс орындары туралы білуге және цифрлық сүйемелдеу бойынша көмек алуға, яғни ЭЦҚ қайта жаңарту, kezekte.kz, enbek.kz және т.б. сайттарында тіркелуге мүмкіндіктер қарастырылған. Қазіргі уақытта елорданың 24 мың тұрғыны модульдік пункттерде кеңес алды, олардың негізгі бөлігі – 35 жасқа дейінгі жұмыссыз жастар. Атап айтқанда, 17 мың адам оқуға жазылды, 5 мың өтініш білдірген адам әкімдік басқармаларына мемлекеттік қолдау шараларын алуға өтінім берді.

Жобаның екінші кезеңі – цифрлық және жұмысшы мамандықтар бөлігінде өзекті және практикалық дағдыларды тегін оқытуды ұйымдастыру. Барлық 20 оқу бағдарламасы авторлық болып саналады және елордалық бизнес өкілдерімен бірлесіп әзірленген. Сыныптар барлық қажетті заттармен жабдықталған. Негізінен, курсқа қатысушылар тігінші, сәнгер-конструктор, бухгалтерлік есеп негіздері, корпустық жиһаз жасау негіздері, сатушы-кассир, онлайн дүкендердегі сауда негіздері, аяқ киім жөндеу шеберханасы, электр газбен дәнекерлеуші, май ауыстыру пункті және шиномонтаж, бариста сияқты жұмысшы мамандықтар бойынша дәріс алады. Оқытушылар өз салаларында қолданбалы тәжірибесі бар тәжірибешілерден таңдалды. Қала тұрғындары сонымен қатар қазіргі әлемде өзекті болып саналатын 8 цифрлық дағдылар, атап айтсақ СММ, сайттарды әзірлеу, бейнемонтаж, графикалық дизайн, контент-криейтор, таргетолог, мобилограф, негізгі цифрлық дағдылар бойынша білім алуда. Қосымша дағдыларды үйреніп, қала тұрғындары қалалық кәсіпорындарға жұмысқа орналасады, ағымдағы жұмыс орнында бәсекеге қабілеттілігін арттырады немесе қашықтан тапсырыстарды қабылдай бастады. Осы жұмыстың нәтижесінде бір жыл ішінде мыңға жуық қала тұрғыны жеке кәсібін дөңгелетіп, жаңа жұмыс орындарын ашты. Оқыту бағдарламалары еңбек нарығына сүйене отырып құрастырылған және мамандыққа байланысты 2 аптадан 1 айға дейін барынша қысқа мерзімде практикалық дағдыларды ұсынуға бағытталған. Бір жыл ішінде 7,5 мыңнан астам қала тұрғыны жұмыс және цифрлық мамандықтар бойынша білім алып, практикалық дағдыларға ие болды.

> Талай адамға мүмкіндігін жүзеге асыруға жағдай жасаған аталған жоба Астана әкімдігінің бастамасымен Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау мақсатында жүзеге асырылуда. JOLTAP жобасына 18 бен 50 жас аралығындағы кез келген елордалық қатыса алады. Жоба операторы «Жаңа мүмкіндік» қоғамдық қоры болып саналады

Үшінші кезең – жұмыс пен қызметкерлерді іздеуге арналған «JUMYSTAP.kz» платформаны іске қосу. Бүгінгі таңда 12 мыңға жуық пайдаланушы тіркелген, оның 2 мыңы жұмыс берушілер болып саналады, соның ішінде Magnum, Shaurma Food, Danmard, «12 ай», Zeta, YDA зауыты, DSK GLB сияқты ірі және желілік компаниялар және басқалар бар. Платформаға басқа өңірлердің бизнес өкілдері де қызығушылық танытып отыр, бұл қала тұрғындарына елордада ғана емес, еліміздің басқа қалаларында да жұмыс іздеуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта қала кәсіпорындарына 5 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты, өз ісін ашты немесе фриланс бойынша тапсырыс қабылдай бастады.

JOLTAP жобасын іске асыру демеушілік қаражат есебінен жүзеге асырылады, бұл адами капиталды дамытуға үлес түріндегі бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің жаңа нысаны болып саналады. Жоба туралы толығырақ @joltap.kz Instagram парақшасы арқылы танысуға болады. Жобаның call-орталығы: +7 (707) 221 31 31.

Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

«БОРЫШКЕР» БОЛМАҒАН ЖӨН!

Елордада 25 қазан мен 7 қараша аралығында «Борышкер» жедел-алдын алу іс-шарасы өтті. Іс-шараға Астана қаласының Әділет департаменті, қалалық полиция департаменті, сондай-ақ Астана қаласының атқарушы округінің жеке сот орындаушылары қатысты.

Оның мақсаты – алимент, мемлекет кірісіне әкімшілік айыппұлдар, салық берешектері бойынша төленбеген берешектері бар адамдарды анықтау. Мәселен, іс-шараны өткізу барысында полиция қызметкерлері 114 автокөлікті тоқтатты, олардың иелерінде жоғарыда аталған санаттар бойынша төленбеген берешектері бар.

Көп жағдайда иелері, сондай-ақ көлік жүргізушілері төленбеген салық берешектері, айыппұлдары бар екенін білгеннен кейін ғана төлейді. Алайда борышкерлердің алимент берешектерін және 1 млн теңгеден астам берешегі бар ЖҚЕ қасақана бұзушыларды төлеуден қасақана жалтару жағдайлары да болды. Аталған жағдай бойынша барлығы 7 автокөлік коммуналдық тұраққа қамалды, олардың иелері ұзақ уақыт бойы жол қозғалысы ережелерін қасақана бұзған, сол сияқты айыппұлдары мен алименттерін төлемеген. Құқыққорғау органдары өкілдері азаматтардың бар қарызын уақытылы төлеу қажеттілігіне назар аударады.

Астана прокуратурасы есірткі бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде тұрақты негізде жұмыс жүргізуде. Осыған орай қабылданып жатқан шаралар туралы елордалық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы Қоғамдық мүдделерді қорғау басқармасының прокуроры Әлихан Құснединов мәлімдеді.

ҚОҒАМ ДЕРТІМЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Есірткі заттарының заңсыз айналымы проблемасы қоғамның қауіпсіздігіне төнген қауіптердің бірі болып қала береді және прокуратура бұл мәселенің алдын алу және жолын кесу бағытындағы жұмыстарын жалғастыруда.

– Биыл прокуратура мен ҰҚКД бірлескен жұмысының арқасында төрт есірткі зертханасының қызметін анықтауға және жолын кесуге мүмкіндік туды. 120 келіден астам есірткі заттары тәркіленді, қазіргі уақытта Қылмыстық Кодекстің 297-бабы бойынша есірткі құралдарын, психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе өткізу, олардың аналогтары жөніндегі қылмыстық істер тергелуде, – деді басқарма өкілі.

Сонымен қатар есірткінің таралуын шектеу үшін Telegram арналарын бұғаттау бойынша шаралар қабылдануда.

Жыл басынан бері прокуратура тыйым салынған заттардың таралуына қатысы бар 363 Telegram-арнаны бұғаттау жөнінде шаралар қабылдады.

Сондай-ақ ведомство есірткінің көрнекі жарнамасын жою үшін белсенді жұмыс істеп келеді, атап айтсақ, бүгінде есірткі жарнамасы бар 1 383 граффити боялған.

Бұдан басқа, прокуратураның жұмысын үйлестіру кезінде Қылмыстық кодекстің 299-1-бабының 1-бөлігі (есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе олардың аналогтарын, прекурсорларды насихаттау немесе заңсыз жарнамалау) бойынша құрамында есірткі жарнамасы бар граффити салу фактісімен қылмыстық іс қозғалды.

Есірткі заттарының заңсыз айналымы – бұл қоғамның, экономиканың және құқық қорғау жүйесінің алдында тұрған үлкен әлеуметтік және құқықтық мәселе. Бұл проблема тек жеке адамдарға ғана емес, бүкіл қоғамға қауіп төндіреді, өйткені есірткі заңсыз айналымы психологиялық, әлеуметтік, медициналық және құқықтық салаларда терең салдарларға әкелетінін ескере отырып, Астана қаласының прокуратурасы барлық тұрғындарды бұл мәселеге бейжай қарамауға шақырады.



ҮРКЕР КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОСЫЛА БАСТАЙДЫ

Нұра ауданы әкімдігінде газдандырудың өзекті мәселелеріне арналған жиын өтіп, онда тұрғындар тарапынан туындаған барлық мәселелерді шешу жолдары талқыланды.

Аудан әкімі Ришат Тұрдыбековтың төрағалығымен өткен жиынға инвесторлар мен қалалық басқарма өкілдері де қатысты.

Баспасөз қызметінің хабарлауынша, биылдың өзінде алғашқы тұрғын үйлерді көгілдір отынға қосу жоспарлануда. 1250-ге жуық абонент қараша айының ортасынан бастап үйлерін көгілдір отынмен жылытуға мүмкіндік алады. Екі жылдың ішінде 5 мыңнан астам жеке тұрғын үйлер мен тұрғын үй кешендері газбен қамтылады.

Үркерді газдандыру үшін 173 шақырым газ желісін тарту жоспарланған. Бүгінгі таңда жоспарланған көлемнің үштен біріне жуығы салынып бітті. Бұл техникалық шарттарды алған абоненттерге үйлерін көгілдір отынмен жылытуды бастауға мүмкіндік береді.



№133 (4721) 07/11/2024 Бейсенбі

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

АНА МЕН БАЛАНЫҢ АЛҚАУШЫСЫ

Зайтуна Хамидуллинаның есімі астаналықтарға етене таныс. Ол – еліміздің жетекші акушер-гинекологы, медицина ғылымдарының кандидаты, PhD докторы. Медицина саласында жүрген 40 жыл ішінде қаншама әйелді аман-есен босандырды. Бүгінде Астана медицина университетінің №1 Акушерлік және гинекология кафедрасының меңгерушісі.

Зайтуна Ғаділқызы 1959 жылы Семей қаласында жұмысшылар отбасында дүниеге келген. Бұл отбасының жақын туыстарының бірі атақты пульмонолог болған екен. Зайтунаның медицина саласын таңдауына сол кісі ықпал еткен көрінеді. Зайтуна Ғаділқызы медициналық техникумның акушерлік бөлімін бітіріп, төрт жыл акушер болып жұмыс істеген. Содан кейін Семей медициналық институтында «Емдеу ісі» мамандығы бойынша жоғары білім алды.

Акушер-гинеколог мамандығының бірегейлігі сол, ана мен бала өміріне тікелей жауапты. Зайтуна Ғаділқызы қажырлы еңбегінің арқасында ең ауыр босануды қабылдайтын маман болды. Ол акушерлік-гинекологиялық оталардың барлық түрлерін жетік меңгерген. Айтуынша, жастық шағының көбі ауруханаларда кезекшілікте өткен. Бірінші талап бойынша, яғни адам өмірін сақтау үшін санитарлық авиациямен үнемі аудандарға аттанып отырған.



Білікті дәрігер 35 жасында Семей қаласындағы перзентхананың перзентхана бөлімін басқарған, ал 39 жасында мекеме директорының орынбасары болды. 2007 жылы Денсаулық сақтау министрлігі Астана қаласындағы «Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығының перзентхана меңгерушісі қызметіне шақырды.

«2007 жылы елордаға қоныс аудардым. Дәлірек айтсам, еңбек жолымды Астана қаласындағы «Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығында жалғастыруға мүмкіндік туды. Мұнда акушерлік блоктың жетекшісі болдым. 2011 жылдан бастап елорданың №1 перинаталдық орталығы директорының орынбасары қызметін атқардым, ал 2014 жылы №3 Перинаталдық орталықтың бас дәрігері лауазымына тағайындалдым. 2019 жылдан бастап Астана медицина университетінде кафедра меңгерушісімін» дейді ол.

Елорданың көпсалалы перинаталдық орталығын басқарған 8 жыл ішінде бірде-бір ана өлімі тіркелмеген. Бұл – медициналық басқарудағы өте жоғары кәсіби деңгейінің айғағы. Әлі де елорданың босандыру мекемелеріне консультативтік және шұғыл көмек көрсетеді. Ол кез келген уақытта – түнде, демалыс немесе мереке күндері шұғыл жағдайда шақырту түскен мекемелерге көмекке барады. Одан бөлек резидент студенттерге кеңес береді, оқытады, ғылыми жұмыспен айналысады. Оның монографиялары еліміздің медициналық жоғары оқу орындарына енгізілген. Ал шәкірттері Қазақстанның түкпір-түкпірінде табысты еңбек етіп келеді.

Бар ғұмырын денсаулық сақтау саласына арнаған ақ халатты абзал жанның ұлттық денсаулық сақтау жүйесіне қосқан үлесі еленбей қалмады. Бүгінде «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен, «Құрмет» орденімен марапатталған.



ЖАСТАР ДЕНСАУЛЫҒЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласында жастар денсаулық орталықтарының мамандарына арналған семинар өтті. Іс-шара барысында репродуктивті денсаулық пен кеңес беру саласындағы жетекші сарапшылар озық тәжірибелерімен бөлісіп, заманауи әдістерді талқылады.

Астана медициналық университетінің доценті Жанеркке Рахимбайқызы контрацепция бойынша кеңес беру тақырыбында дәріс өткізді. Ал когнитивті-мінез-құлық терапиясы бойынша психолог Валерия Фусс жастардың жыныстық және репродуктивті денсаулық туралы білімін арттыру үшін әлемдік тәжірибені таныстырды. Ол жастармен жұмыс істеуде жеке тәсілдің маңыздылығын және тиімді коммуникация дағдыларын дамытудың қажеттілігін атап өтті. Оқыту соңында мамандар нақты кейстермен бөлісіп, семинар барысында туындаған сұрақтарға бірлесіп шешім іздеді.

БІР КҮНДІК ОТА

№6 қалалық емхананың хирургия бөлімінде Амбулаторлық хирургия орталығы жұмыс істейді. Орталықта қандай медициналық қызметтер көрсетілетіні туралы хирург Қуаныш Құсмановпен әңгімелестік.

Хирургия бөлімінің құрамында 10 жылдан астам тәжірибесі бар жоғары және бірінші санатты хирург-дәрігерлер жұмыс істейді. Орта медициналық персоналдар да хирургия саласы бойынша оқытылған және білікті.

– Аты айтып тұрғандай, операциялар емханаға келген күні жасалады, науқас процедураны алған соң үйіне қайтады. Ең басты артықшылығы – жалпы наркоздың қолданылмауы, сондықтан отадан кейінгі бас ауруы, әлсіздік, бас айналу, жүрек айну секілді жағдайлар болмайды, – дейді дәрігер.

Барлық оталар санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып жасалынады. Операциялық блоктар және операциядан кейінгі палаталар да қарастырылған.

– Қазіргі уақытта №6 қалалық емханада хирургтар тері мен тері асты тінінің түрлі жаңа өскіндерін жою, әртүрлі деңгейдегі іріңді-қабыну ауруларын емдеу операцияларын жүргізеді. Ең маңыздысы, бұл қызметтердің барлығы МӘМС аясында тегін көрсетіледі, – дейді Қуаныш Құсманов.

Мұнда қызмет алу үшін алдымен операциялық емдеу тактикасы мен көлемін анықтайтын хирург дәрігердің кеңесі керек. Одан кейін қажетті тексерулерден өтсе, процедура күні белгіленеді.

– Сонымен қатар, блефаропластика, липосакция және отопластика секілді бағыттар бойынша пластикалық хирургтің тегін кеңесін алуға болады. Айта кететін жайт, хирургиялық бөлімде айына шамамен 25 ота жасалады. Бұл операциялық блоктың күнделікті белсенді жұмыс істейтінін білдіреді, – деп атап өтті дәрігер.



Амбулаторлық хирургия орталығы – бұл науқасты тәулік бойы стационарға жатқызбай-ақ жоғары технологиялық емдеу әдістерін қолданатын стационарды алмастырушы технология. Бұл әдіс бойынша науқас ота алдында және отадан кейін бірнеше сағат қана орталықта болады.

Бетті дайындаған **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**

ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕК КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілер бойынша азаматтарға МӘМС қаражаты есебінен тегін дәрі-дәрмек беріледі.

Бүгінгі күні емханаларда МӘМС жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың 261 түрі 68 сырқат бойынша және ТМККК шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың 386 түрі 52 сырқат бойынша қамтамасыз етіледі.

МӘМС аясында, яғни «Сақтандырылған» мәртебесі болған жағдайда дәрі-дәрмекпен диспансерлік есепте тұрған жекелеген сырқаттары бар науқастар қамтамасыз етіледі. Мысалы, темір тапшылығы бар фертильді жастағы әйелдер темір препараттарын, атеросклероз ауруы бар және диспансерлік есепте тұрған пациенттер өз аурулары бойынша қанды сұйылтатын дәрілер (антикоагулянттар) мен басқа да препараттарды ала алады. Яғни, динамикалық бақылауда тұрған әр пациент өзінің сырқаты бойынша алуға құқылы.

Биыл 1 қаңтардан бастап артериялық гипертензия және аритмия аурулары бойынша амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін азаматтарда сақтандыру мәртебесі болуы керек.

Сондай-ақ МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан диспансерлік есепте тұрған азаматтарға да тегін дәрі-дәрмек беріледі. Олардың қатарында психикалық және мінез-құлық бұзылыстары бар пациенттер, органдар мен тіндерді трансплантациялаудан кейінгі пациенттер, қант диабеті, бронх демікпесі, екпе гипертензиясы, жүректің ишемиялық ауруы және басқа да сырқаттарға шалдыққан науқастар қамтамасыз етіледі.

Жанат МҰРАТҚАЛИЕВА,
№ 13 қалалық емханаының бөлімше меңгерушісі

ӨЛІМ-ЖІТІМ АЗАЙДЫ

Елордада онкологиялық, фтизиатриялық және кардиологиялық қызметтің қорытындысына арналған үйлестіру кеңесінің отырысы өтті. Аталған кезең бойынша қатерлі ісіктің салдарынан болатын өлім-жітім азайған. Бұл туралы Көпсалалы медицина орталығының директоры Мұхтар Төлеутаев баяндады.

«Қаланың емханаларында онкологиялық көмек көрсетуді жақсарту бойынша кешенді шараларды қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ аталған міндеттерді іске асыру үшін жоспарларды жедел әзірлеу және қажетті іс-шараларды одан әрі жүзеге асыру талап етіледі» деді ол.

Қалалық Фтизиопульмонология орталығының жетекшісі Анна Цепкенің айтуынша, соңғы 10 жыл ішінде туберкулезбен ауыру және оның таралуы біртіндеп төмендеген.

Кардиологиялық қызметке келетін болсақ, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда қан айналымы жүйесінен болатын сырқат 5,6%-ға төмендеуі байқалады. Бұл деректі қалалық Денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас кардиологы Татьяна Ойларова ұсынды.

Жалпы, жиында онкологиялық, фтизиатриялық және кардиологиялық қызметтердің оң динамикасы айтылды. Басқарма басшысы Әлия Рүстемова медициналық көмектің сапасын жақсарту және ерте диагностика бағдарламаларының тиімділігін арттыру үшін одан әрі күш салу қажеттігін мәлімдеді.







ЕЛОРДА КҮЗЕТІНДЕГІ ӘСКЕРИ БӨЛІМ

5 қараша – Әскери барлаушылар күніне орай Астана іргесіндегі 68665 әскери бөлімінде журналистерге арналған пресс-тур ұйымдастырылды. Іс-шара барысында арнайы мақсаттағы жаттығу алаңында барлау қызметінің әскерилері түрлі кедергіден өтіп, қиындықты еңсеру, берілген тапсырманы орындау бойынша практикалық іс-қимылдар көрсетті. Сонымен қатар ұшқышсыз ұшу аппараттары сыныбында заманауи FPV дрондарын қолдана отырып жүргізілетін барлау жұмысы да келушілер назарына ұсынылды.

ОТАН АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШЫН ӨТЕУГЕ ЕЛІМІЗДІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНЕН ЖАСТАР КЕЛІП, ӘСКЕРИ ТӘРТІПКЕ БАҒЫНЫП, БІР ЖЫЛДАН СОҢ МЫҚТЫ АЗАМАТТАР БОЛЫП ШЫҒАДЫ. БИЫЛ КҮЗДЕ ШАҚЫРЫЛҒАН САРБАЗДАР АСТАНА, ШЫМКЕНТ, АЛМАТЫ ҚАЛАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАРАҒАНДЫ, ЖАМБЫЛ, АҚМОЛА ОБЛЫСТАРЫНАН КЕЛДІ





Райхан РАХМЕТОВА

– Мұндай іс-шараны ұйымдастыру – әскер мен қоғам арасындағы байланысты нығайтудағы маңызды қадам, барлау – тек жұмыс емес, батылдық, кәсібилік және адалдық таныта отырып, Отанға шынайы қызмет көрсету мүмкіндігі, – деп атап өтті бөлімнің барлау қызметінің бастығы, майор Сұңғат Советбеков.

АРНАЙЫ МАҚСАТТАҒЫ БРИГАДА

ҚР Қарулы күштері құрылымының мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында және ҚР Қорғаныс министрінің 2003 жылғы 17 қыркүйектегі директивасына сәйкес арнайы мақсаттағы 429 жеке жасақтың базасында аэроұтқыр әскерлерінің 36 жеке десанттық-шабуылдау бригадасы (68665 әскери бөлімі) құрылған болатын. Бөлімнің жауынгерлік туы 2005 жылғы 5 мамырда табыс етілді. 2023 жылғы 9 ақпанда ҚР Қорғаныс министрінің бұйрығы негізінде ҚР Қарулы күштерінің құрылымын жетілдіру мақсатында 36 десанттық-шабуылдау бригадасы 36 ерекше мақсаттағы бригада болып қайта аталды. Осы жылдар ішінде бригада қалыптасу және даму жолынан өтті, республикада және әскерде мақтан тұтатын әскери қызметшілердің бірнеше буынын тәрбиеледі. Күрделі және қиын жағдайда бригаданың жеке құрамы әскери және қызметтік борышына адалдық таныта отырып еңбек етіп келеді.

Елордалық арнайы мақсаттағы бригада құрылған сәттен бастап оған елдің маңызды стратегиялық объектілерінің қорғанысын қорғау міндеттері жүктелді. Тыныш уақыт болса да, оның офицерлері мен сарбаздары кез келген сәтте шын мәніндегі ұрыс қимылдарына ұқсайтын немесе экстремалды жағдайға тап болуы мүмкін. Бөлімнің әскери қызметшілері алдына қойған міндеттерді кез келген жағдайда орындауға қабілетті екенін бірнеше рет дәлелдеді. Бүгінде бұл әскери бөлім елордада орналасқан элиталық әскери бөлімдердің бірі саналады. Мұнда жұртшылықпен, республикалық БАҚ-пен, сондай-ақ оқушылармен тұрақты түрде кездесулер ұйымдастырылады. Әскери-патриоттық және спорт клубтарының тәрбиеленушілеріне де үнемі сабақтар өтеді. Осындай жиындардан кейін жастар әскери қызметшінің жұмысына қызығушылықпен қарай бастайды.

– Біздің бөлімде келісімшарт бойынша әскери қызметшілер еңбек етеді, сонымен қатар Отан алдындағы борышын өтейтін сарбаздар да бір жыл әскерде болады, бір мезгілде 300-400 сарбаз қабылдаймыз. Бүкіл елдегі Қарулы күштер арасында тек қана бізде Құрмет қарауыл ротасы бар. Сонымен қатар бөлім үш батальоннан тұрады. Атап айтқанда, «Қалқан», «Алдаспан» және «Арнасай» шабуылдаушы батальондары әртүрлі әскери саладағы мақсаттарға қарай бөлінген. Одан басқа да көптеген бөлімше мен рота жұмыс істейді. Оқу-жаттығуларын өткізетін полигонға жоспарға сай шығып отырамыз. Бригада ішінде де әскери тирде әскерилер атудан жаттығады, – дейді С.Советбеков.

ТӘРТІП ҚАТАҢ

Әскери тәртіп бәріне бірдей қатаң сақталады. Сарбаздар күн сайын таңғы сағат 6:00-де ұйқыдан тұрып, таңғы жаттығуға шығады. Таңғы астан кейін түске дейін жауынгерлік дайындық және мемлекеттік-құқықтық тәртіп пен заң бойынша 6 сабақ оқиды. Түстен кейін техника, қару-жарақтармен байланысты практикалық жаттығу жұмысы жүргізіледі. Әскери қызметшілер 18:00-де жұмыс уақыты біткен соң үйіне қайтады. Сарбаздар 19:00-де кешкі тамағын ішеді. Олармен бірге күн сайын жауапты офицерлер мен сержанттар қалып, тәртібін қадағалап отырады. Одан әрі кешкі серуенге шығып, керек болған жағдайда, қосымша жаттығу жұмысы жүргізіледі. 22:30-да тәртіпке сай барлығы ұйықтауы керек.

– Әскери бөлімде 5 ғимарат бар, оны орысша казарма, қазақша үй-жай дейміз. Одан басқа әскери қызметшілер тұратын әскери қалашық орналасқан. Сонымен қатар әкімшілік ғимарат саналатын штаб, асхана, стадион, спорт зал, ашық аспан астындағы мұражай, футбол, волейбол ойнайтын алаң бар. Әлеуметтік жағдайына келсек, әскери қызметшілер «Әскери баспана» тұрғын үй бағдарламасына жеңілдікпен қатыса алады, сонымен қатар жалдап тұратындарға бөлек ақы төленеді, – дейді барлау қызметінің бастығы.

Бригадада кәсібилігі жоғары жауынгерлер қызмет етеді. Бөлім жұмыс істеген уақыт ішінде оған генерал-майор Дәулет Оспанов, генерал-майор Дулат Адырбеков, полковник Ермек Әлмұхаметов, генерал-майор Алмаз Жұмакеев, полковник Тұрдалы Тұрғынбаев, полковник Нұрлан Кәрібаев, полковник Ұлан Нұрғазиев басшылық етті, ал қазіргі таңда подполковник Абай Әлібеков басқарады.



– Келісімшарт бойынша қызмет етуге келген әскери қызметшілер арасында әйелдер де бар. Олар көбіне байланысшы, фельдшер, снайпер қызметінде. Жалпы 500-ге жуық мерзімді әскери қызметшілер еңбек етеді. Отан алдындағы борышын өтеуге еліміздің түкпір-түкпірінен жастар келіп, әскери тәртіпке бағынып, бір жылдан соң мықты азаматтар болып шығады. Биыл күзде шақырылған сарбаздар Астана, Шымкент, Алматы қалалары және Қарағанды, Жамбыл, Ақмола облыстарынан келді, – дейді бөлім командирінің орынбасары, подполковник Талғат Құлманов.

ЗАМАНАУИ ЖАРАҚТАР

Биыл әскери бөлімде алғаш рет ұшқышсыз ұшу аппараттары сыныбы ашылып, онда заманауи FPV дрондарымен барлау жұмысын жүргізу бойынша сабақ басталды.

– Бұл сыныпта ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдану бойынша теориялық және практикалық жұмыс жүргізіледі. Қолданылып жатқан аппараттардың сипаттамасы, қай жерге қолдануға болады, қанша жылдамдықпен ұшады, ауа райына байланысты ұша ала ма, ұша алмай ма, салмағы қанша – соның бәрін үйретеміз. Компьютер арқылы симуляторды джойстигімен басқарып, дронды қолдануды меңгертеміз. Қазір әлемде кейбір елдердің арасындағы соғыста осы дрондар қолданылуда, дрон қазір барлау ісінде ғана емес, камикадзе, яғни шабуыл жасау ісінде де керек құралға айналды. Оның басына бомба байлап, 2-3 км жердегі нысанды жаруға болады. Оны оператор ноутбук арқылы басқарып отырады. Сабақты аптасына 3 рет әскери қызметшілерге өткіземіз, – дейді автоматтандырылған жүйелерді басқару қызметінің офицері Нұрсұлтан Амангелді.

Арнайы мақсаттағы бригада бола отырып, бөлім әскери қызметшілермен және заманауи техникалық жабдықтармен толық жабдықталған. Қазіргі уақытта бригаданың жеке құрамының дайындық деңгейі кез келген жауапты және шұғыл тапсырманы орындауға мүмкіндік береді.

№133 (4721) 07/11/2024 Бейсенбі

ҚАЛЫППЫН ДЕП АЛДАНЫП, ОТЫРМАҢЫЗ ТАҢҒАЛЫП...

Жаңалықтардан «алаяқтар қазақстандықтардың дербес деректерін қолға түсірді» дегенді жиі естіп, көріп жатамыз. Алайда «дербес деректер» дегеннің нақты не екенін екінің бірі біле бермейді. Бұл мақалада дербес деректердің маңызы, қолжетімділігі, алаяқтардың оны қалай пайдаланатыны, оларды қалай қорғау қажеттігі туралы айтылады.

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРГЕ НЕ ЖАТАДЫ?

Дербес деректер – адамның жеке басын сәйкестендіретін ақпарат және олар түрлі тасымалдағышта, мысалы, қағазда немесе электрондық тасымалдағышта тіркелген. Дербес деректерге біздің «сауалнамалық» деректеріміз жатады: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні мен жері, тұрғылықты жері мен тіркеу мекенжайы, телефон нөмірі, ЖСН, сондай-ақ төлқұжаттағы, жеке куәліктегі, жүргізуші куәлігіндегі ақпараттар. Одан бөлек, банк деректемелері мен карта деректері, оның ішінде картаның нөмірі, қолданыс мерзімі, сыртқы жағындағы код, сақтандыру полисінің, зейнетақы шартының деректері және тағы басқалары жатады. Қысқаша айтқанда, бізді анықтап, сипаттайтын және бізге тікелей немесе жанама түрде байланысы бар кез келген мәлімет – бұл біздің дербес деректеріміз. Мұндай деректерді мемлекеттік ұйымдар, мысалы, аурухана, полиция, салық қызметі және т. б., сондай-ақ жеке ұйымдар – банктер, микроқаржы ұйымдары, туристік агенттіктер, қонақ үйлер және өзге компаниялар мен адамдар жинауы мүмкін. Алайда мұнда ескеретін маңызды жайт: дербес деректердің кейбірі жалпыға қолжетімді болуы мүмкін, яғни олар интернетте, баспасөзде, қағаз анықтамалықтарда және т. б. ашық түрде болады. Ал кейбір деректерге қол жеткізу шектеулі болады, заңға сәйкес мұндай дербес деректерге конфиденциалды талаптар қойылады. Оларды алу үшін адамның келісімі қажет. Конфиденциалды ақпарат – бұл құпия сипаттағы мәліметтер, оларды қорғап, бөгде адамдарға айтуға болмайды. Алаяқтардың «арманына» айналған қол жеткізу шектеулі деректерге картаның, банк шотының деректемелері, қаржы мобильдік қосымшаларға арналған пин-кодтар мен құпиясөздер, қаржы операцияларын растау үшін SMS немесе push-хабарламамен келетін кодтар жатады.

Дербес деректердің маңызын ескере отырып, оларды қорғау сіздің басты міндетіңіз екені таңғалатын нәрсе емес. Егер оған немқұрайды қарасаңыз, онда сіз күн сайын жетілдіріліп отыратын әртүрлі алаяқтық схемалардың құрбаны боласыз. Гүл шоқтарын, сәлемдемелерді жеткіземіз деген желеумен, сондай-ақ өздерін қаржы ұйымдарының, Ұлттық банктің, БЖЗҚ-ның, ҰҚК-нің, ХҚКО қызметкерлері, салық қызметкерлері, коммуналдық қызмет қызметкерлері және т. б. ретінде таныстыра отырып, алаяқтар азаматтармен байланысып, өз нөмірлерін,



тіпті «1414» қысқа нөмірін де қолдан жасап, жалған құжаттарды ұсына отырып, әлеуетті құрбандардың құпия дербес деректерін біліп алуға тырысады.

ҚАЛАЙ ПАЙДАЛАНАДЫ?

Біріншіден, шабуылдаушылар ұрланған дербес деректерді сіздің атыңыздан банктік қарыздарды, микрокредиттерді рәсімдеу үшін пайдалана алады. Екіншіден, алаяқтар дроп карталарға ақша аудару, онлайн сатып алу немесе шоттардан қолма-қол ақша алу жолын табу арқылы банк шоттарына қол жеткізе алады. Үшіншіден, қылмыскерлер зиянды бағдарламалар немесе фишингтік сілтемелер арқылы құрылғыларды бұзып, пайдаланушы туралы барлық ақпаратты қолды етеді, мысалы, танымал мессенджерлер немесе электрондық пошта арқылы сіздің атыңыздан жақын адамдарға спам жіберуі мүмкін. Төртіншіден, ұрланған дербес деректерді әлеуметтік желілерде жалған профильдер жасау үшін де пайдаланады. Алаяқтар сіздің атыңыздан достарыңыз бен жақындарыңыздан ақша алуға тырысады. Бесіншіден, алаяқтар сіздің дербес деректеріңіз сіз үшін аса құнды екенін және олардың көпшілікке жария етілуін қаламайтыныңызды білсе, бопсалау мен қоқан-лоқы көрсету тәсілін қолдануға тырысады.

ҚОРҒАНУДЫҢ ЖОЛЫ БАР МА?

Бірінші және ең басты ереже – қол жеткізуі шектеулі дербес деректерді телефон немесе мессенджерлер арқылы бермеңіз, әсіресе, әлеуметтік желілерде жарияламаңыз. Төлқұжатыңыздың деректерін, картаңыздың толық деректемелерін немесе SMS-пен келген кодтарды бейтаныс адамдарға айтпаңыз. Тағы да естеріңізге саламыз: банктер мен басқа да қаржы ұйымдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері және басқа да адал компаниялар мұндай ақпаратты бірінші болып сұрамайды және ақшаны «қауіпсіз» шотқа аударуды талап етпейді немесе құрылғыға кіруге мүмкіндік беретін мобильдік қосымшаны шұғыл жүктеп алуды сұрамайды.

Егер сіз жөнелтілімдерге, гүл шоқтарына тапсырыс бермесеңіз, сыйлықтар ұтысына қатыспасаңыз, тауарды алу үшін SMS-пен келген кодты сұрайтын жалған курьерлерге сенбеңіз. Егер сіздің картаңызға белгісіз адамдардан ақша түссе, оны шешіп, пайдалануға асықпаңыз. Мұндай қателік сізге қымбатқа түсуі мүмкін, банкке өтінішпен жүгінген жөн.

Қаржы институттарының қосымшаларындағы, eGov платформасындағы, маркетплейстердегі және әлеуметтік желілердегі аккаунтарыңызды қорғаңыз. Әрбір сервиске бірегей, күрделі құпиясөз орнатып, оларды үнемі өзгертіп отырыңыз. Сондай-ақ екі факторлы аутентификатты қосыңыз – бұл аккаунттарыңызға кіру кезінде қосымша қорғау деңгейін қамтамасыз етеді.

Дербес деректерді шифрланбаған күйде, әсіресе мессенджерлерде сақтамаңыз. Бейтаныс адамдардан келген сілтемелер мен файлдарды ашпаңыз. Тіпті жақындарыңыздан келген хаттарды да антивирус арқылы тексеріңіз – мүмкін олардың құрылғылары бұзылған шығар. Алаяқтар жиі фишингті пайдаланып, жалған сайттар немесе зиянды бағдарламалар арқылы дербес деректерді ұрлайды, олар осындай хаттар немесе SMS-хабарлар, сондай-ақ куар-кодтар арқылы таралады. Вирусқа қарсы бағдарламаларды үнемі жаңартып тұруды ұмытпаңыз.

Сайттарда немесе қосымшаларда тіркелу кезінде дербес деректерді пайдалану талаптарын мұқият оқыңыз, олар сіз туралы ақпаратты қай жерде және қалай қолданатынын түсініңіз. Кейбір шетелдік фастфуд мейрамханаларының қосымшалары тапсырыс беру кезінде экранды жазып алған жағдайлар анықталған. Қосымшаларды орнатпас бұрын пікірлерді мұқият оқып, оларды тек ресми дүкендерден жүктеп алыңыз. Сіздің атыңыздан жалған қарыз алынбағанын тексеру үшін кредиттік бюролардан: Мемлекеттік кредиттік бюро, Бірінші кредиттік бюро немесе «электрондық үкімет» порталынан өзіңіздің кредиттік есебіңізді үнемі тексеріп отырыңыз.

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Алаяқтар жеке деректерді алған жағдайда, мынадай қадамдар жасаңыз:

1) Дереу банкке хабарласып, картаны немесе шотты бұғаттаңыз;

2) Полицияға өтініш жазыңыз, әсіресе егер сіздің деректеріңіз кредиттерді немесе басқа қаржылық операцияларды ресімдеу үшін пайдаланылса;

3) Банк қосымшаларыңыздағы, мемлекеттік қызметтердегі есептік жазбаңызды және басқа да аккаунттарыңызды тексеріңіз, олар бұзылмағанына көз жеткізіңіз. Қауіпсіздік үшін барлық құпиясөздерді өзгертіп, екі факторлы аутентификацияны қосыңыз;

4) Егер сіздің деректеріңіз маркетплейстен немесе банктен тарап кеткеніне сенімді болсаңыз, олардың қолдау қызметіне хабарласып, деректерді қорғау үшін қандай шаралар қолданылып жатқанын сұраңыз. Полицияға өтініш бергенде деректердің тараған көзі туралы хабарлауды ұмытпаңыз.

мақалалар fingramota.kz сайтының материалдары негізінде дайындалды

ОНЛАЙН-АЛАЯҚТАН АБАЙЛАЙЫҚ!

Ішкі істер министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, 2024 жылдың тоғыз айында Қазақстанда интернет-алаяқтыққа қатысты 15,9 мың факті тіркелген, бұл барлық алаяқтық қылмыс түрлерінің (33832) шамамен 47 пайызын құрайды. Жалпы шығын шамамен 26 миллиард теңгеге жетіпті. Қаскүнемдерден зардап шеккендердің қатарында болмас үшін сергектікті жоғалтпау және алаяқтықты тани білу маңызды.

Назар аударарлық жайттың бірі, онлайн-алаяқтар күн сайын алдау әдістерін жетілдіріп отырады. Мысалы, цифрландыруға дейінгі кезеңде олардың әдістері қарапайым болса, қазір олар соңғы технологияларды – нейрондық желілерді, виртуалды нөмірлерді, танымал банктердің сайттары мен қызметтерінің имитациясын қолдануда. Жаңа технология пайда болғаннан кейін көп ұзамай қаскүнемдер оны өз мақсатында пайдаланатыны сөзсіз.

ҚАНДАЙ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНАДЫ?

Киберқылмысқа қарсы күрес орталығының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Ерлан Асановтың айтуынша, интернет-алаяқтықтың ең кең тараған түрі фишинг деп аталады. Жыл сайын фишинг әдістері одан әрі жетілдіріліп келеді, бірақ оның басты мақсаты өзгеріссіз қалады – азаматтардың жеке және банк деректерін алу.

«Фишерлер белгілі бір компанияның сайтын жасап, оның атынан хабарламалар, сілтемелер жіберіп, қандай да бір жобаға қаржы салуды немесе мұқтаж жандарға көмек көрсетуді сұрай алады. Азаматтар осыған сеніп, өздерінің жеке деректерін, оның ішінде банк картасы және шот туралы ақпараттарын береді. Телефонияның дамуымен вишинг пайда болды, мұнда алаяқтар телефон арқылы байланысқа шығады. Схемалардың бірі – SIP-телефонияны қолдану, ол компаниялар немесе қарапайым азаматтардың нөмірлерін қайталауға және солардың атынан құпия төлем ақпаратын беруді сұрауға мүмкіндік береді» дейді Ерлан Асанов.

Сарапшы кейде қаскүнемдер банк қызметкері ретінде көрініп, несие рәсімдеуді немесе банк шотына шабуыл жасалып жатқанын айтады.



Олар қашықтан қол жеткізу бағдарламаларын пайдалана отырып, азаматтарды оларды телефонына орнатуға итермелейді, бұл күдіктіні анықтау үшін қажет деп сендіреді. Аталған нұсқауларды орындағаннан кейін азаматтар автоматты түрде алаяқтарға ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді, олар телефонды бақылауға алып, жәбірленушінің атынан әрекет етеді.

Соңғы уақытта алаяқтар салық және коммуналдық қызметтердің, ювеналды полицияның, курьерлік жеткізу қызметінің, дүкендердің қызметкері ретінде де арам пиғылын іске асырғысы келетіні айтылып жүр. Ерлан Асанов банк жүйесі дами бастаған кезде QR-код арқылы төлем жасауға арналған қосымшалар пайда болып, алаяқтар бұл технологияны тез игергенін айтады.

«Маркетплейстерде қаскүнемдер сатушыларды да, сатып алушыларды да алдайды. Кейбір жеке кәсіпкерлер өз аккаунттарына немқұрайды қарайды. Нәтижесінде сатып алушылар алданып қалады, олар тауарды төлегенмен, қолына алмаған. Кейде алаяқтыққа назар аудармаған сатушыны сотқа беріп жатады және ол өзінің кінәсіздігін дәлелдеу қиынға соғады, себебі операциялар оның аккаунты арқылы жүргізілген» деп түсіндіреді сарапшы.

Тағы бір «сұр» схема – алаяқтардың сәлемдемені төлеу туралы өтінішпен хаттары. Адам ештеңе тапсырыс бермегенін айтады және одан бас тартуды автоматты түрде рәсімдеу үшін QR-кодты сканерлеуді сұрайды. Сканерлеуді өткізгеннен кейін жәбірленуші автоматты түрде қаскүнемдерге деректерін береді, олар әрі қарай қалағанын істей алады.

«Дипфейк деп аталатын жаңа технологияны қылмыскерлер ақша немесе банктік деректерді алдау мақсатында пайдалануда. Олар белгілі тұлғалардың немесе шынайы өмірде жоқ адамдардың бейнелерін жасайды. Әдетте, дипфейк фишингтік сайтқа сілтememен бірге жүреді, оны алаяқтар жеке деректерді ұрлау үшін алдын ала жасайды» дейді Е.Асанов.

Мессенджерлер де интернет-алаяқтар арасында танымал, әсіресе WhatsApp. Мессенджердегі аккаунт – адамның телефонына кірудің ең оңай жолы. Бұл үшін алаяқтар кездейсоқ құрбанның нөміріне қауіпсіздікті жақсарту үшін авторизация кодымен SMS жіберіп, осы кодты айтуды сұрайды. Адам мұны жасаса, алаяқтар оның аккаунтына автоматты түрде қосылады және барлық өзіндегі нөмірлерден қарызға ақша сұрайды немесе құпия ақпаратты алдап алады.

САН СОҒЫП ҚАЛМАЙЫҚ

Алаяқтықтан ешкім сақтандырылмаған. Сондықтан сіз алаяқтардың құрбаны болғаныңызды түсінсеңіз, ең алдымен, шоттар мен карталарды бұғаттау үшін банкке хабарласыңыз. Тек содан кейін полицияға шағым беріңіз. Кез келген қаржылық операцияларды мүмкіндігінше тезірек тоқтату маңызды, бұл шығынды азайтуға мүмкіндік береді.

«Ең алдымен, ешқашан жеке деректеріңізді, соның ішінде банк реквизиттерін интернет немесе телефон арқылы бермеңіз. Тіпті сізге таныс нөмірден қоңырау шалса да, басқа жақта кімнің шын мәнінде отырғанын әрдайым тексеріңіз. Банк және басқа қаржы ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ салық органдары, ҰҚК сізден SMS-тен кодтарды немесе басқа құпия деректерді сұрамайды және сізден күмәнді мобильді қосымшаны жүктеуді өтінбейді. Сондай-ақ телефонға екі факторлы аутентификация бағдарламаларын орнату және мессенджерлерде, әсіресе WhatsApp-та қосылған құрылғыларды үнемі тексеріп тұру ұсынылады» деп атап өтті Ерлан Асанов.

Құзырлы орталық маманының айтуынша, алаяқтар ірі компаниялардың сайттары мен қосымшаларын қолдан жасайды.

«Ол күмәнді хабарламалардан немесе хаттардан сілтемелерге ешқашан өтпеу керек екенін еске салды, тіпті олар ресми көрінсе де. Алаяқтар жиі ірі компаниялардың сайттары мен қосымшаларын қолдан жасайды. Егер күмәндансаңыз, әрдайым ұйымның ресми сайтында көрсетілген нөмір бойынша өзіңіз қоңырау шалыңыз. Тағы бір маңызды ереже – жеке деректеріңізге мұқият қарау. Құжаттарыңыздың немесе банктік карталарыңыздың фотосуреттерін мессенджерлер арқылы ешқашан жібермеңіз. Туыстар мен жақын достар арасында да деректердің таралу қаупі болуы мүмкін. Ақпарат көздерін тексеріңіз, әсіресе ол қаржылық операцияларыңызға қатысты болса. Егер сізден құпия деректерді беруді сұраса, әңгімені тоқтатып, ақшамен байланысты бейтаныс адамдарға сенбеңіз. Антивирустық бағдарламаларды ұмытпаңыз» дейді ол.

Бетті дайындаған **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

МҰРАТБЕК, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР...

1982 жылдың 12 қарашасы. Жексенбі. Мақта терімінен соң, өзім оқитын ҚазХТИ-дің сабақ кестесіндегі өліара мезгілде Шымкенттен Алматыға қарай жолым түсіп, бірінші кезекте ҚазМУ-дің №5 жатақханасына бардым. Мақсатым – мектебімізді менен бір жыл бұрын бітіріп, Қазалы ауданының «Мүсілімі» атанған (атақты баритон Муслим Магомаевқа ұқсатып) тамаша әнші, енді журфактың бірінші курсында білім алып жүрген Әміржан Қосановпен жүздесу. Вахтада отырған кемпір – Валя тәтей (атын кейіннен білдім) оның курстастарымен бірге серуенге кеткенін айтты. «Не де болса күтейін» деп вахтаның жанындағы арқалығы мен жамбасбасары көнетоз қызыл матамен көмкерілген орындықтардың біріне жайғасқаным сол еді, сыртқа шығып бара жатқан бір жігіт менің тұсыма күрт аялдай қалды. Қимылы әбжіл, неге екенін қайдам, менің көзіме тәпелтек денесі ілгері қарай ұмсынып, құз басынан ұшуға даярланып тұрған қыран құстай көрінді. «Сіз» деп сөйледі: «Кімге кеп отырсыз? Біреуді іздедіңіз бе?». Жайымды баяндадым. «Ееее…» деп атымды сұрады. Айттым. «Қазақстан пионеріне» мақала жазатын Амантайсыз ба?» деді. «Иә». Содан мені бас салып құшақтап, бауырына қыссын. Қолының саусақтары быртық жуан, алақаны жұмсақ екен. «Ал мен Мұратбек Тоқтағазинмін! Білетін шығарсыз?» деді. Ойбай, білмегенде… Біз пионерлердің газетіне оқта-текте басылатын құп-құйттай суреттемелерімізге мәз боп жүргенде, оның көлдей-көлдей мақалалары «Қазақстан пионерін» қойып, «Лениншіл жастың» бетін бермейтін. Ара-тұра «Социалистік Қазақстанда» тырнақалды дүниелерін жариялайтын. Осылайша «тірі классикпен» қауышқаныма қуанып үлгергенімше, ол есімді жиғызбастан, әй-шәйға қаратпастан, есік күзеткен Валя тәтейге «Он – мой друг» деді де, мені қолтықтаған күйі баспалдақтармен жоғары қарай сүйреп ала жөнелді. Екпінінен жел еседі, екі-үш тепкішекті бір-ақ аттайды. Доп тебетін кезім, мен де қалыса қоймауға тырыстым. Жолшыбай әр нәрсені бір сұрап үлгерді. Бесінші қабатқа көтеріліп, бесінші секцияның ол тұрып жатқан екі кісілік бөлмесіне кірдік. Әңгіме тиегі ағытылды. Менен болашақта инженер-құрылысшы шықпайтынын естіген соң, үгіт-насихатқа көшті. Тәжірибесімен бөлісті. Тіпті түнімен мақала жазғанда ұйықтап қалмау үшін кофе ішетінін мысалға келтірді. Шешемнің қою шайынан басқаны сусын санамайтын мен үшін бұл тек нағыз шығармашылық адамына тән әдет көрінді. Сол арада, сұңғақ бойлы, арық денелі, бет-жүзін қара көзілдірік көлегейлеген, жүрісі жып-жинақы бір жігіт аяғын ақырын басып бөлмеге кірді. «Курстасым Бауыржан Омаров, сіздің жерлесіңіз» деп таныстырды Мұратбек. Жайлап барып, керуеттің шетіне отырған жаңа танысым көп кібіртіктемей сөйлеп кетті. Өзінен сөзі тез.

Кешсем де өзім қораш күй,
Арғы атам менің – Қараш би.
Алдыңа келіп отырмын,
Көзіме киіп қара әшки, –

деп бір қайырды. «Ақын болды ғой» деп ойлағаным сол еді, «біздің курста мықты ақындар оқиды, Бауыржан Үсенов, Гүлнәр Салықбаева, Сәулеш Шатенова…» деп түгендеп, соларды мақтай бастады. Ал Мұратбек бөлмеден шығып кеткен бір сәтте:

Қобыратып түнімен көп қағазын,
Отырады Мұратбек Тоқтағазин, –

деп, досына құрметін білдірді.

Сол жолы Әміржанмен кездесе алмадым. Оның есесіне, Мұратбектің арқасында Бауыржанды (Омаров) таптым. Келесі жылы журфакқа оқуға түскенімде олар мені құшақ жайып қарсы алды. Екеуі арқылы Бауыржан Үсен, Талғат Батырхан, Ғалымжан Мелдеш, Құтмағамбет Қонысбай, Миуа Байназар, Әнуарбек Әуелбек, Жақсылық Молдақұл, Гүлнәр Салықбай, Жәмила Тұлкиева, Ләззат Сапақова… т. б. өзімнен екі курс жоғары оқитын замандастарыммен жақсы сыйласып кеттім. Олар маған біртүрлі ыстық тартып тұратын. Әрбірі жастық көңілдің төрінен өзінше орын тепті. Қырық жылдан астам уақыт өтсе де, әлі солай.

Естеліктің төресі – фото. Алматыдағы Абай мен Фурманов көшелерінің қиылысында бір фотосалон болушы еді. Мені өзіне бауыр тұтып, ақылшы боп жүретін талантты қаламгер, бүгінгі күні арамызда жоқ Бақыт Досымов және Мұратбек Тоқтағазин, мен – үшеуміз бір күні сол жерге барып суретке түстік. Біздің басымызды қосқан нәрсе – «Қазақстан пионері» газетінің романтикасы. Ортада тұрған Бақыт ағамыз – басылымның ізашар тілшісі, ал біз – оның қос қанаты іспеттіміз. Сол бейнелер студенттік альбомның ішінен көзге жылы ұшырап, жадымда жақсы күндерді жаңғыртады.

Мұз жарғыш кемедей тегеуріндi Мұратбек Балқыбекұлы жолында кезіккен кедергілерге ешқашан мойыған емес. Мәселен, бірнеше бумаға әзер сиятын мақалаларын арқалап келгенімен, журфакқа түсу үшін тарих пәнінен емтихан тапсырғанда бет-әлпеті де, аты-жөні де есінде жоқ бір әйел оқытушы одан қайдағы-жайдағыны жөнсіз сұрап, сүріндірмекке әрекет қылыпты. Өзінің біліміне сенімді талапкер онымен батыл салғыласып, апелляциялық комиссия төрағасы, даңқты археолог Уахит Шәлекеновтің төрелігіне жүгінген. Сөйтіп, «бестікті» қанжығасына байлаған. Шынымен де, сол уақытта журфактың біраз абитуриенті ең ақырғы сынақ – тарихтан «құлап» қалатын. Соның салдарынан студент қабылдау жоспары орындалмайтын кездер ұшырасатын. Ретсіз құқайды Мұратбектен кейін өзім де бастан кештім. Ол заманда Қазақстанның Ресейге «өз еркімен» қосылғанының 250 жылдығын дәріптеп жазатын Д.Д. есімді бір оқымысты ханым тарих пәні комиссиясының төрағасы болып, қатты қыспаққа алған. ҚазХТИ-де бір жыл бойына «КПСС тарихынан» парасатты профессор Сақтап Атауовтың керемет дәрістерін тыңдап, емтиханынан екі рет «үздік» баға алған мен де аяғымды шалдырған жоқпын. Мұратбектің «ерлігін» қайталауыма тура келді.

Журфак студенттерінің арасында жазғыштығы жөнінен Мұратбекпен тайталаса алатын бір-ақ адам болды. Ол – біздің Жөкең, яғни менің ардақты курстасым Жолдасбек Дуанабай. Ол да Мұратбек секілді кеш жатып, ерте тұратын; ол да Мұратбек секілді қалам мен қағазды шақ келтірмейтін; ол да Мұратбек секілді уақытының көбін газет редакцияларының босағасында өткізетін; ол да Мұратбек секілді кісіге қысастығы жоқ ақеден, ақжүрек еді. Мұратбектен айырмасы – жасы үлкен, курсы кіші-тұғын. Талапшыл декан Темірбек Қожакеев екеуін де жақсы көретін, баршаға үлгі қылатын.

Мінезі елден ерек Мұратбек кейде елгезек қана емес, елтігіш. Жас кезде Артур Конан Дойлдан бастап, Кемел Тоқаевқа дейін детективті түгесіп оқыдық қой. Солардың әсерімен қиялыңнан түрлі сюжетті құрастырып, қиыстырып жүресің. Жазушы болудан кімнің дәмесі болған жоқ дейсің. Бір күні «Таңба» деп ат қойып, дәптер бетін шимайлай бастадым. Бірақ әрі қарай ештеңе өнбей қойды. Оқыста Мұратбек кездесіп қалған. «Жоспарымды» бөлістім. «Өй, аты күшті екен. Менің де ойымда жүрген бір нәрсе бар еді. Тақырыбы дөп келіп тұр. Маған сыйға тарт» деді. Болмайтын шаруадан құтылғанша асығып тұрған мен оған «шығарма» атауын қуана-қуана «тарту» еттім. Ол да ризашылықпен «қабыл» алды. Ақыры не керек, мен де жазбадым, ол да жазбады. Кейіннен Жайық Бектұровтың «Таңба» атты тақырыбы мүлде басқа романы жарық көргенде, осы жайт есіме оралды.

Мұратбек бала күнінде кітапты көп кемірген. Сондықтан кітапқа деген құмарлық, құштарлық оның санасына әбден сіңген. Басы артық кітап көрсе дереу оған «құда түседі». Молынан болса, көлігіне тиеп әкетеді. Үйінің төрт қабырғасын кірпішпен емес, кітаппен қалауға әзір. Кітап оқымайтын адамды әу бастан ұнатпайды. Тіпті мұнысы аңызға айналған. Студент кезде бір бойжеткенді киноға шақырса, ол қыз фильмге жүйрік, кітапқа шорқақ екен. Содан дереу көңілі суып, ертеңіне «Ой, сөйлесіп көрсем, «Абай жолын» оқымапты, кешіріп қойсын, ондай қызбен дос бола алмаймын» депті-мыс. Аңыз ба, ақиқат па, оны өзі біледі. Біздің білетініміз – сүйген жары Мәдениеттің мектепті алтын медальмен бітіргені, кітап оқудан Мұратбектің өзінен де озық тұратындығы.


Мұратбек – турашыл да тәуекелшіл. Журфакты тәмамдаған бетте Ақселеу Сейдімбек пен Жомарт Әбдіхалықов ағаларының айтқанына ұйып, Целиноградқа тартып кеткені – сол болмыстың айғағы. Сөйтіп, бұл өлкеге өзінен бұрын аттанған Марат Дәдікбай, Әлімжан Жарылқағанов, Кенже Жұмағұлов секілді журфактың сайыпқыран түлектерінің қатарын толықтырды. Ә дегенде Марат пен Мұратбектің маңдай тірегені – «Коммунизм нұры» газеті, Әлімжан мен Кенженің барған орны – облыстық телерадиокомитет. Олардың қай-қайсысы да «Ақмола» эпопеясының жанды әрі жасампаз кейіпкерлеріне айналды. Төрт тарланның кішісі Мұратбектің өмірінде өзгеше кезең басталды. Қаламгерлігі қайраткерлікке ұласты. Жиырма бес жасында қалалық кеңестің депутаттығына сайланды. Ұлттық мүдде жолында тынымсыз күрес жүргізді. Бас басылым – «Егемен Қазақстанның» аймақтағы сілтейтін семсері, қорғайтын қалқаны болды. «Ақмола атауы үшін айқас» атты мақаласы дүниені дүр сілкіндіріп, тың серпілістерге қозғау салды. Осының бәрі – өз алдына бір көсілетін тақырып.


Батуы мен тууы арасында жерге түсіп, көзге көрінбей кететін Үркер секілді, Мұратбекті де бір кездері жоғалтып алдық. Шартты түрде қырық күн шілдеге барабар сол мерзім ішінде ол бос қарап қалмапты. Кәсіпкерлікті жолға қойған; ет жақындарын елден көшіріп әкелген; олардың әрбіріне лайықты жұмыс тауып берген. Қысқасы, әулетті бақуатты қылатын шаруаларды тиянақтаған. Бұл да – туысқандық парызын өтегені, адамгершілік сипатын танытқаны.

Мұратбек Тоқтағазин зиялы ортаға жаңа кейіпте, тың бітімде оралды. Соңғы он бес жыл шамасында білім мен ғылым жолын тұтынды. Кандидаттық диссертация қорғады. Тақырыбы – заңғар жазушы, журналист Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығы. Продюсері (жетекшісі) – Бауыржан Омаров, режиссері (қорғау жөніндегі кеңес төрағасы) – Дихан Қамзабекұлы.

Ә.Нұршайықовтың әйгілі шығармасының бірі – «Махаббат, қызық мол жылдар». Мұратбектің бітімінен әрдайым елге, туысқа, ұрпаққа, досқа деген шын сүйіспеншілік көрініс береді. Мақалаға ат қойғанда, осы үйлесімді ескердік.

Амантай ШӘРІП,
ЕҰУ түркітану кафедрасының
профессоры, академик













ОЙЫННАН ОТ ШЫҒАДЫ

Жасөспірімдер арасындағы қайғылы жағдайға «Көк кит» пен «Қызыл дельфин» ойыны себепкер болғаны туралы ақпарат көп. Енді Schoolboy Runaway немесе үйден қашу ойынының танымалдылығы артып келеді. Мемлекеттік органдарға хабарласып, балалардың киберқауіпсіздігі туралы сұрадық.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Цифрлық дәуірде жасөспірімдердің назары смартфонға ауып, өмірінің ажырамас бөлшегіне айналды. Білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, оқу кезінде ұялы телефон ұстауға шектеу қойылды. Бірақ қоңырау кезінде оқушылар телефон пайдаланып, ата-анасымен сөйлесе алады. Астанада «Смартфонсыз мектеп» жобасы іске қосылды.

Астана қаласы Психологиялық қолдау орталығы басшысының орынбасары Марал Ибрагим:

– «Смартфонсыз мектеп» жобасы балалардың өз біліміне жүгінуіне, есте сақтау қабілетін арттыруға, сондай-ақ балалар арасындағы коммуникацияны жақсартуға алып келеді деген ой бар. Құпия емес, бүгінде балалар өзара тіл табыса алмайды. Смартфонның экранына қарап оларда ешкіммен сөйлесу, тіл табысу қажеттілігі туындамайды. Ал смартфонсыз уақыт өткізсе, олар бір-бірімен сөйлесіп, өздеріне дос табады, – деді.

Оқу-ағарту министрінің орынбасары Еділ Оспанның сөзінше, жаңа оқу жылынан бастап білім беру ұйымдарында «Жеке қауіпсіздік» сабағы енді. Онлайн кеңістікте баланың қауіпсіздігіне қатысты ата-аналардың арасында кеңестер өтті. Сондай-ақ балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданып, «буллинг» ұғымы қолданысқа енді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда жариялаған «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» жалпыұлттық құндылығына негізделген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілді. Бағдарлама ұлттық құндылықтар негізінде оқыту, тәрбиелеу және рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту, азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық қасиетіне бағдарланды.

Ішкі істер министрлігі сыртқы коммуникациялар басқармасының бас сарапшысы Гүлжан Бекенова: «Қазан айында министрлікте Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті құрылды. Министрлік өз құзыреті шегінде интернет желісінде мониторинг жүргізу барысында суицидке итермелейтін 81 интернет-ресурсты анықтап, Мәдениет және ақпарат министрлігіне бұғаттауға жіберді».

Шынында, балалардың онлайн-ойынын бақыламаса, ойыннан от шығады.

№133 (4721) 07/11/2024 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
11 ҚАРАША

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Інжу-маржан»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Қол созған үміт». Телехикая.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу
14:00 АҚПАРАТ
